«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТБАСАР АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО
АТБАСАРСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2023ж. 31.08 № 02-03/411-1

Атбасар қаласы город Атбасар

**2023-2024 оқу жылына тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» (*07.12.2022жылғы №490 ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықпен еңгізілген өзгерістермен*) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1-11 сынып оқушыларын ыстық тамақпен тамақтандыруды ұйымдастыру.

2.1-4 сынып оқушыларын, сондай-ақ келесі санаттарға жататын, әлеуметтік қорғалмаған отбасы оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету: мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға; жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға; төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға; білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына.

3.Оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысын жандандыру және күшейту, мектеп асханасына мониторинг жүргізу, білім беру ұйымының Интернет-ресурсында комиссиясының жұмысы жөніндегі құжаттаманы орналастыру.

4.Оқу жылы бойы бекітілген апталық мәзірмен перспективалық мәзірлерді қамтамасыз ету.

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі көшірмеде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.